

**«НӘТИЖЕЛІ ОҚЫТУ- БІЛІМ БЕРУДІҢ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ» АТТЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ–ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ**

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Құрметті әріптестер !

Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК Сіздерді 2023 жылғы 19 желтоқсан күні **«Нәтижелі оқыту- білім берудің тенденциялары»** атты химия, биология, география педагогтерін республикалық ғылыми-практикалық конференциясына қатысуға шақырады.

Іс-шараның мақсаты: білім берудегі инновациялық үрдістердің теориялық және практикалық мәселелерін және педагогтің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған жедел білім беру міндеттерін жүзеге асырудағы өзекті мәселелерді талқылау, шешу жолдарын іздеу және тәжірибе алмасу үшін диалог алаңын құру

Конференция жұмысының негізгі бағыттары:

- «Педагогикалық инновациялар: заманауи білім беру жүйесін дамыту ресурсы»
- «Үздіксіз білім берудің өзекті мәселері»
- «STEM – оқыту мәселелері мен болашағы»
- «Білім беру сапасын бағалау: халықаралық салыстырмалы зерттеулер мектеп тәжірибесінде
- «Заманауи білім берудің құндылықтық бағыттары, мақсаттары және нәтижелері»
- «Білім сапасын арттырудағы мұғалімнің ролі»
- «Оқытудағы құзыреттілік тәсілдерінің жеке тұлғаға бағытталуы»

Конференция жұмысына қатысу формалары:

1. Пленарлық отырыста TEDx форматында сөйлеу (10 мин.дейін).
2. Секция барысында шебер сынып көрсету
3. Конференцияға тыңдаушы ретінде қатысу.
4. Конференцияға баяндамаға жіберу

Конференция бағдарламасы:

- 1.Пленарлық мәжіліс.
2. Секциялық отырыс.

Конференцияға екі форматта қатысуға болады:

Тікелей:

- конференцияның спикері ретінде. Баяндама уақыты 7-10 минутқа дейін;
- тыңдаушы ретінде.

Сырттай: «НӘТИЖЕЛІ ОҚЫТУ - БІЛІМ БЕРУДІҢ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ» жинағында баяндама жариялау.

Қосылу үшін сілтеме қосымша жіберіледі.

Өтетін орны: Астана қаласы, Қ.Мырза Әлі атындағы «Vinom school» мектеп-лицей (Аль-Фараби проспекті, 9/5)

Өткізу күні мен уақыты: 19.12.2023ж, сағат 10.00. Қатысушыларды тіркеу сағат 09.00-ден басталады.

Конференцияның жұмыс тілі: қазақша

Конференцияға қатысу, баяндаманы жинақта жариялау ақылы (құны **4.000** теңгені құрайды). Төлемдерді кез-келген банк бөлімшелерінде, Қазпочтада жүзеге асыруға болады. Төлем міндетті түрде конференцияға қатысушының атынан жүргізілуі тиіс және банктің комиссиясы жіберушінің есебінен жүзеге асырылады.

Банк реквизиттері:

Наименование: государственное казенное предприятие

«Методический центр» Акимата города Астаны

ИИН/БИН:070540006188

ИИК: KZ42722S000006089425

БИК: CASPKZKA

Юр.адрес: Республика Казахстан, г.Астана, р-н Есиль, ул. Кабанбай батыр 33
КБЕ:16

Конференцияға тікелей қатысу үшін 2023 ж. **«10» желтоқсанға дейін** Astana_bio@bk.ru электрондық поштасына (№1 қосымшаға сәйкес) өтінім мен баяндама тезистерін жіберу қажет.

Конференцияға қатысу үшін ұйымдастыру комитетіне 2023 жылғы «10» желтоқсанға дейін келесі құжаттарды ұсыну қажет:

- конференцияға қатысуға жеке өтініші (№1 қосымша);
- талаптарға сәйкес жасалған мақаланың мәтіні (№2 қосымша);

- төлем чегінің көшірмесі. Төлем қатысушының атынан төленуі керек.

Барлық қажетті материалдар Astana_bio@bk.ru электронды поштасына бір файлда жіберілуі керек: «ТегіӨтініш» және «ТегіМақала» файл атауларымен мәтіндік форматтағы өтініш пен мақала.

Ұйымдастыру комитеті материалдарды алғаннан кейін 3 жұмыс күн ішінде автордың электрондық адресіне олардың түскенін растайтын хат жібереді.

Материалдарды рәсімдеуге қойылатын талаптар:

Мақала көлемі А4 мәтін форматындағы 3-6 бет, Microsoft Word мәтіндік редакторында Times New Roman шрифтімен, бір жоларалық интервалмен 14 кегльмен терілген болуы тиіс. Беттің параметрлері: абзац-10 мм; жиектері барлық жағынан 20 мм. Мәтінді бос орындар мен табуляциясының көмегімен түзетуге жол берілмейді. Мәтін тілі: қазақша

Мақала тақырыбын рәсімдеу бойынша: баяндама тақырыбы; автордың (лардың) аты-жөні (дері) үтір арқылы қалың қаріппен беттің ортасына жазылады; Оқу орнының атауы ортасында курсивпен; Аннотация, түйінді сөздер. Әрі қарай, бір бос жолдан кейін негізгі мәтін.

Материалдар жинағы электронды түрде PDF форматында конференция өткізілген күннен кейін 10-15 күн ішінде қатысушыларға жіберіледі. Қатысушыларға қатысу сертификаты (электронды) беріледі.

Жинаққа UDC, LBC және халықаралық стандартты кітап нөміріне (ISBN) сәйкес кітапхана индекстері беріледі. Конференция материалдары Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК <https://astana-modern.kz> сайтында жарияланады.

Қатысуға өтінім

ТАӨ (толығымен)	
Жұмыс орны, қызметі	
Байланыс телефоны	
Электрондық пошта (E-mail)	
Баяндама тақырыбы:	